



Ақтөбе университеті



argugazeti@mail.ru

№ 06 (382) 31 наурыз 2016 ж

1996 жылдан бастап шыға бастады

"Ақтөбе Университеті" Газеті

А РГУ им. К.Жубанова

+7 7132 241 831

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Баршаңызды халқымыздың ең ұлы мейрамы, адам баласы мен табиғат ана қайта жаңғырып, түлейтін - өз Наурызбен шын жүрегімнен құттықтаймын! Күллі шығыс жұртына ортақ мереке - Наурыздың тарихы тым тереңде жатыр. Күн мен түн теңелетін, ырысы мол мереке біздің жан - дүниемізді шуаққа белейді, ой - ниетімізді таза арнаға бұрады. Бұл көшірім мен мейірімнің, үміт пен сенімнің, ізгілік пен түсіністіктің мерекесі. Бұл күні біз өткен жылы жасаған жұмысымызға есеп беріп, келешекке жоспар құрамыз, тәуелсіз еліміздің өркендеп, есуі жолында жаңа бастамаларға негіз қалаймыз. Наурызда айтылған барлық тілек қабыл болады деген де наным бар. Қазіргі уақытта Наурыз жаңа сипатқа ие болды, ұлтына, діни сеніміне қарамастан Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың ортақ мерекесіне айналды. Халықтар арасындағы достықты бекітуге, бауырластық қарым - қатынастардың нығаюына, әр ұлттың салт - дәстүрінің қайта жаңғыруына осы мейрам үлкен үлесін қосып отыр. Наурыз мейрамы туған жер топырағына құт - береке әкелсін. Баршаңызға амандық, саулық, дастархандарыңызға молшылық тілеймін!

Құрметпен,
университет ректоры Кенжеғали КЕНЖЕБАЕВ



МОЛ ЫРЫСТЫҢ МЕРЕКЕСІ

Наурыз мейрамы қаламызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев атындағы орталық саябақта «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» деген атпен ерекше аталып өтті. Қаламыздағы жоғары оқу орындары, мекемелер қаз қатарынан киіз үйлерін тігіп, наурыз көже пісіріп, мольнан ақ дастарханын жайды.

Наурыз мерекесіне облыс әкімі Бердібек Сапарбаев қатысып жиналған жұртшылықты Наурыз мерекесімен құттықтап сөз сөйледі.

- Наурыз мейрамы - бұл ұлттық салтымыз, дәстүріміз, үрдісіміз, бірлік пен берекенің, ырыстың мерекесі. Наурыз мерекесін тек қазақ халқы ғана емес, еліміздегі барлық ұлт өкілдері тойлайды. Бұл елімізде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің арасындағы ынтымақтың, достықтың берік екенін көрсетеді.

Қазір дүниежүзінде саяси-экономикалық қиыншылықтар орын алуда. Соған қарамастан Елбасының жүргізіп отырған сындарлы саясатының арқасында елімізде тыныштық пен тұрақтылық, бірлік пен береке бар. Ал Мемлекет басшысының бастамасымен 1 қаңтардан бастап жалақы, жәрдемақы, зейнетақының орта есеппен 30 пайызға өсуі - бұл халықтың әлауқатын жақсартуға жасалып отырған игі іс. Сондай-ақ, күні кеше өткен сайлау барысында да халқымыз шетелдік бақылаушыларға өзінің бірлігін, ынтымағын көрсетіп, Елбасының саясатын қолдайтынын жеткізді. Соның ішінде ақтөбеліктер де саяси үлкен шараға атсалысып, өз үлестерін қосты. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан Ақтөбе жұртшылығының 80 пайыздан астамы дауыс беріп, белсенділіктерін көрсетті.

Бүгінгі Ұлыстың ұлы күнінде пейілдеріңіз ақ, көңілдеріңіз көтеріңкі болсын! Облыс басшылығы атынан бәріңізді Наурыз мерекесімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, елімізге тыныштық тілеймін! - деді облыс басшысы.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Маржан Қорғанбаеваның айтуынша, бұл жолы саябақ аумағына 31 киіз үй тігілген. Оның ішінде университетіміздің «Қ. Жұбанов ауылы» атты сәнді киіз үйі де бар. Ұлттық нақышта безендірілген киіз үйге келген қонақтарды университетіміздің ректорат басшылығы, кәсіподақ ұйымы өкілдері қарсы алып, көрісіп, наурыз көже мен ыстық бауырсақтан ауыз тигізді. Келген қонақтар наурызға арналған ақжарма тілектерін жолдап, ақ батасын беріп жатты.

Сондай-ақ, бұл күні саябақта, спорттық ойындар өткізіліп, алаңда белді, білекті жігіттер күш сынасты.

Мариям ЖАЛГАСБАЕВА



ВСТРЕЧА ДЕЛЕГАЦИИ ОТ КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

16 марта 2016 года на базе Актюбинского регионального государственного университета имени К. Жубанова состоялась встреча делегации от КазНУ имени аль-Фараби. Ректор КазНУ имени аль-Фараби, доктор технических наук, профессор, академик Мутанов Г.М. возглавил делегацию из 18 представителей, среди которых проректор, начальники департаментов, НИИ, отделов науки и инновационной деятельности, руководители проектов и ученые.

Особым почетным гостем университета стала доктор биологических наук, профессор Ажар Жубанова, дочь великого композитора А. Жубанова. Студенты и ППС университета с теплом встретили участников делегации. АРГУ имени К. Жубанова имеет долгий и успешный опыт сотрудничества в области науки с КазНУ имени аль-Фараби.

Для университета прием делегации важен в стратегических целях. Это расширение и укрепление научных связей с ведущим вузом Казахстана, а также возможность найти новых партнеров и еще активнее развивать сотрудничество с промышленными предприятиями Актюбинской области.

На встрече подписан меморандум о сотрудничестве с АРГУ имени К.Жубанова и КазНУ имени аль-Фараби.

Акторгын АГИСБАЕВА,
начальник отдела научно-инновационных программ и международного сотрудничества





ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ 70 ЖАСТА

Университетіміздің эксперименталдық және теориялық физика кафедрасының профессоры, оқу ордамызда қаншама жылдардан бері талмай еңбек етіп, білікті де кәсіби деңгейдегі шәкірттер тәрбиелеп, еңбек жолын үнемі ізденіске арнаған құрметті ғалым-ұстаз Игорь Спивак-Лавров наурыз мерекесі қарсаңында мерейлі 70 жасқа толды. Осыған орай Студенттер сарайына қолдарына құшақ-құшақ гүл ұстап жиналған қауым профессордың мерейлі қуанышын бөлісуге бас қосты.

Мерекелі кешті университетіміздің ғылыми-инновациялық жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Алтыншаш Упуқызы жүргізіп отырды. Кіріспе сөз алған оқу ордамыздың оқу әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Төлеген Әміржанұлы профессордың биік белестеріне тоқтала отырып, 70 жасымен құттықтап, университет басшысы атынан қазақтың игі салтымен иығына шапан жапты.

Кеш барысында физика-математика ғылымдарының кандидаты Мақсат Серікбайұлы Игорь Спивак-Лавровтың өмірбаянына, еңбек жолына кеңірек тоқталып өтті. Сондай-ақ, облыс әкімі, қала әкімі, қаламыздағы жоғары оқу орындары мен орта білім беру оқу орындары басшылары атынан келген өкілдер профессорға арнаған тілектерін жолдап, сыйлықтарын табыс етті. Университетіміздің институт директорлары мен факультет декандары да арнайылап Игорь Спивак-Лавровқа құттықтауларын жолдап, жылы лебіздерін жеткізді. Профессор өзі қызмет ететін кафедра ұжымы осындай ғалым адаммен әріптес екендіктерін мақтан ететіндіктерін жеткізіп, ерекше құрметтерін білдірді.

Мерейлі кеште физика-математика факультетінің студенттері дайындаған шағын концерттік бағдарлама мерекенің сәнін аша түсті.

Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, «Құрмет» орденінің иегері, «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, сонымен бірге ҚР Ұлттық Академиясының академигі, профессор, ғалым Игорь Спивак-Лавровтың алар асуы әлі алда екені сөзсіз. Саналы ұрпақты тәрбиелеуде ол кісінің сіңірі еңбегі әлі де көп. 70 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын, ғалым аға!

Өз тілшіміз

ОНЛАЙН ФОРУМ «ЭСТАФЕТА МИРА – МОЛОДЫМ!»



ских наук Р.И. Изимова, которая представила широкому кругу доклад «Батыс Қазақстанда ядролық жарылыстардың экологиялық зардаптары». Студент 2 курса факультета естествознания задал актуальный вопрос и получил исчерпывающий

10 марта на базе Актюбинского регионального государственного университета имени К. Жубанова состоялся Республиканский молодежный антиядерный онлайн форум «Эстафета мира - молодым!», посвященный 25-летию Указа Президента РК Н.А. Назарбаева о закрытии Семипалатинского ядерного полигона, с участием поэта и видного общественного деятеля, Председателя международного антиядерного движе-



ния «Невада - Семипалатинск» О.О. Сулейменова. Нельзя не отметить участие поэта и видного общественного деятеля в масштабном мероприятии страны, чья усердная деятельность способствовала прекращению ядерных испытаний на казахстанской земле и получила поддержку Главы нашего государства Н.А. Назарбаева.

Ведущим организатором форума являлся Карагандинский государственный технический университет, а наш университет определен региональным базовым вузом города Актобе.

В онлайн-режиме от нашего университета выступила доцент кафедры «Биология», кандидат медицин-

ответ от лидеров движения.

Всего в антиядерном онлайн форуме приняло участие более 10 000 студентов Казахстана, среди которых около 70 участников из нашего вуза, Западно-Казахстанского государственного медицинского университета имени М. Оспанова, Актюбинского университета имени С. Баишева. Также на мероприятии присутствовали члены антиядерного движения «Невада-Семипалатинск» во главе с директором филиала Западно-Казахстанского региона И.А. Кобеновым и руководителем молодежного крыла Западно-Казахстанского филиала А.Е. Габдулла.

По окончании форума будет выпущен сборник материалов Республиканского молодежного антиядерного онлайн форума «Эстафета мира - молодым!».

Акторгын АГИСБАЕВА,
начальник отдела научно-инновационных программ и международного сотрудничества

ВСТРЕЧА С ДИПЛОМАТАМИ

На базе факультета иностранных языков состоялась встреча с представителями дипломатического корпуса. С официальным визитом в АРГУ им. К.Жубанова прибыли посол Швеции Христиан Камилл, посол Норвегии Оле Йохан Берной, заместитель посла Норвегии Вегард Стенсруд, заместитель посла Финляндии Анниина Койвула-Олстад.


Во встрече приняли участие заместитель акима Актюбинской области А.Т. Шерияданов, проректор по научной работе и международным связям А.У. Бекбауова, декан факультета иностранных языков С.К. Искиндинова.



Цель визита – знакомство с университетом, встреча со студентами и проведение лекции. Тема лекции: Преимущества и парадоксы сотрудничества в Северных странах. Лекция была представлена на английском языке с демонстрацией слайдов. Дипломаты ознакомили студентов с историей своих стран, особенностями системы образования, современными проблемами, стоящими перед вышеназванными государствами.

После презентации материала состоялось обсуждение. Студенты задали интересующие их вопросы.

Салтанат ИСКИНДИРОВА,
декан факультета иностранных языков



ПРОШЕЛ ОБЗОРНЫЙ ОНЛАЙН СЕМИНАР

3 марта в университете им. К.Жубанова прошел онлайн студенческий научно-практический семинар, приуроченных к 25-летию Независимости Республики Казахстан «Менің жетістігім – менің Тәуелсіздігім». Интерактивный мост прошел между факультетами и институтами высшего учебного заведения.

Модератором онлайн семинара выступил проректор по научно-инновационной работе и международным связям, кандидат физико-математических наук, доцент, Бекбауова Алтыншаш Упуовна.

Целью данного мероприятия являлось развитие и проявление научной активности молодых ученых, студентов и магистрантов, а также обсуждение теоретических и практических проблем науки и инноваций среди студентов и молодых ученых, содействие и стимулирование научно-исследовательской деятельности молодежи.

Продолжительность проведения семинара с марта по ноябрь месяц 2016 года. Организаторы семинаров - Отдел научно-инновационных программ и международного сотрудничества, Институты и факультеты вуза, студенческое научное общество и совет молодых ученых.

Д.КУЖАХМЕТОВА

ОНЛАЙН СЕМИНАР ӨТТІ

УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ М.АҚМОЛЛА АТЫНДАҒЫ БАШҚҰРТ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАШҚҰРТ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІМЕН БІРЛЕСТІКТЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ОНЛАЙН СЕМИНАР МТКІЗДІ. СЕМИНАРДЫҢ МАҚСАТЫ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ МЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЖҮРГІЗІЛУІ МЕН НӘТИЖЕСІН ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛДЫ.

Семинарда теориялық және қолданбалы тіл білімі кафедрасының профессор-оқытушылары мен қазақ филологиясы мамандығының магистранттары қатысты. Онлайн семинарды ф.ғ.д., профессор К.Қ.Садирова мен ф.ғ.к., башқұрт филологиясы факультетінің деканы Л.Х.Самситова сөз сөйлеп ашты. Семинар барысында «Оғыз қаған» синтаксисінің ерекшелігі, Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегін әлеуметтік лингвистикалық тұрғыдан зерделеу мәселесі, тауар таңбаларының қызметі, башқұрт фольклорының театрлық-драматургиялық бастауы, еңірлік топонимикалық кеністіктегі тус, елшем атаулары концептілері мәселелері ортаға салынды.

Өз тілшіміз

Жуырда Батыс Қазақстандағы іргелі оқу орны Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Конфуций институты мен қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен «Шығыс әдебиетінің жауһарлары» әдеби-танымдық апталығы өткізілді. Бұл апталық Қазақстан Республикасының Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Қытай Халық Республикасының Ханьбань Конфуций институттарының бас басқармасы, Синьцзян қаржы-экономикалық университетінің бірлескен халықаралық жобасы болып табылады.

ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫНЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ



Апталық аясында «Шығыс әдебиеті әлемі» кітап көрмесі өткізіліп, оған шығыс әдебиеті, соның ішінде қытай әдебиеті өкілдерінің шығармалары және шығыстану саласындағы ғылыми зерттеулер және қазақ әдебиеті кафедрасының профессор-оқытушыларының шығыс әдебиетін оқытуға арналған ғылыми еңбектері қойылды.

Сонымен қатар, апталық барысында қазақ және қытай әдебиетінің байланысын зерделеуге арналған Қытай классиктерінің шығармаларын мәнгерлеп оқу, «Достық жырлары» әдеби-шығармашылық, «Үндестік нұры» шығармалар, «Қазақ-қытай әдеби байланысы» ғылыми жобалар секілді бірнеше конкурстар ұйымдастырылды. Бұл конкурстарға университетіміздің филология және шетел тілі факультеттерінің студенттері, филология мамандығының магистранттары, Ақтөбе қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің,

«Дарын» мектебінің, №40 орта мектептің оқушылары, Конфуций институтының тыңдаушыларын қосқанда жетпіске жуық адам қатысты. Олардың ғылыми-шығармашылық жұмыстарына қазақ әдебиеті кафедрасының профессор-оқытушылары мен Конфуций институтының ұстаздары жетекшілік етті. Апталықта «Қытай әдебиеті» лекциялар сериясы бас-тау алды, бұл шара аясында университетіміздің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, шығыстанушы филолог М.Р.Балтымова Қытайдағы қазақ жазушыларының тарихи романдарына талдау жасаса, Конфуций институтының доценттері Асия Эйли, Чжан Синь, Цинь Янь, Нью Шулин өз лекцияларында қытай әдебиетіндегі белгілі көркем туындыларға тоқталды, бұл ретте ұстаздар «Таң патшалығы өлеңдеріне», «Қызыл Са-

рай түсі», «Батысқа саяхат» шығармаларына, «Арамыз қанша алыс болса да махаббатымыз жақсылыққа ұлассын» жанрына кеңірек тоқталды.

Апталықтың жабылу кешіне арнайы шақырылған Ақтөбе қаласындағы Синопек компаниясының директоры Лю Сиао Чи, «Шығысмұнай» қазақ-қытай бұрғылау компаниясының бас директоры Джан Ли Мин, «Батысмұнай» компаниясының директорының орынбасары Хоу Кай Чао бұл шараның халықтар достығының жарқын көрінісі екендігін атап көрсетті және әрі қарай жалғасын таба беруіне тілектестігін білдірді.

Апталықты ұйымдастырушы Конфуций институтының Қытай және Қазақстан тарапынан директорлары, профессор Ли Цзяньхун мен профессор Г.Т.Шоқым, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі М.Р.Балтымова бұл шараның қазақ және қытай әдебиетінің ұқсастығы мен ерекшелігін ғылыми тұрғыдан талдауға және бұл елдердің тамыры терең әдеби және мәдени байланысын көркем зерделеуге арналған елеулі шара болғандығын айтып, апталық жұмысына қатысушыларға алғыс білдірді.

Апталықтың жабылу кешінде барлық конкурстардың жүлдегерлері дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталып, қатысушыларға сертификаттар тапсырылды. Бұл шарада «Дудар-ай», «Сұлу қыз» әндерін қазақ және қытай тілдерінде шырқаған Конфуций институтының ұстаздары, халық әндерін нақышына келтіре орындаған филология факультетінің студенттері көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Өз тілшіміз

ҰЛТТЫҚ КИІМДІ ҰЛЫҚТАУ



Әр ұлттың өз салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Біздер үшін қазақ халқының салт-дәстүрінің, ұлттық киімдерінің орны ерекше екені сөзсіз. Бүгінде бабаларымыздан жеткен асыл құндылықтарымыздың қасиетін жоғалтпай, ұрпаққа ұлықтау дәстүрі өз жалғасын тауып келеді. Осы сөзіме бірден бір дәлеп университетіміздің филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 402 топ студенттерінің наурыз айының алғашқы күнінен бастап айдың соңына дейін ұлттық нақыштағы қазақ кәжекейлерін киіп, ұлттық киімді өзге де студенттерге үлгі етуі. Топ кураторы Сақыпжамал Жаянқызы бастаған бұл игі іс біздің топта алғашқы курстан бастап дәстүрге айналды.

Жұбанов шаңырағында қазақ киімдерінің дәріптелуі көңілге қуаныш сыйлайды. Тобымыздағы қыздардың киіп жүрген ұлттық киімдері қазақ қызына тән ибалықты ерекше бір жарасымдылықпен толықтыра түскендей. Халқымыздың ұлттық киімдерін дәртіптеу тек біздің мамандықта ғана емес, барлық факультеттерде, қазақ жастарының барлығының бойынан табылса екен дейміз.

Айбат УМИРБАЕВ,
филология факультетінің 4 курс студенті

ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛДЫ

Жуырда Елбасы Жолдауын жүзеге асыру мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзбеушілік» қағидасын қамтамасыз ету бойынша М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының «Қылмыстық құқық және криминология» кафедрасының оқытушылары, полиция майорлары Алтынбек Ергалиев пен Сандуғаш Назарбаева, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің экономика және құқық институты студенттерімен кездесіп, аталмыш бағытта түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысында олар студенттерге тұрғындармен жиі жасалатын тәртіп және құқық бұзушылықтар түрлеріне тоқталып, заң бұзушылықтарды жою немесе алдын алу мақсатында құқық қорғау органдары тарапынан жұмылдырылатын әскерилер қызметі туралы біраз мағлұмат берді.



«Нөлдік төзбеушілік» қағидасын іске асыру үшін бірлесіп жұмыс істеу керектігін, ұсақ құқық бұзушылықтарды хабарлау арқылы, ауыр қылмыстардың алдын алуға болатындығын баса айта өтті.

Экономика және құқық институты студенттері тарапынан көкейкесті сұрақтар қойылып, тұшымды жауаптар алынды.

Н.М.БЕРДЫБАЕВ,
экономика және құқық институты
директор орынбасары

КОНКУРС ОТКРЫТОГО ЗАНЯТИЯ

В третьей декаде февраля инновационный центр педагогического образования завершил конкурс «Лучшее открытое занятие в интерактивной форме». В соревновании приняли участие 35 преподавателей с 6 факультетов (физико-математический, технический, филологический, исторический, факультет иностранных языков, факультет естествознания), 3-х межфакультетских кафедр (кафедра социально-политических дисциплин, кафедра иностранных языков, кафедра физического воспитания), института педагогики и института экономики и права. Среди них 8 кандидатов наук, 4 доктора PhD, 8 магистров, 5 доцентов, 19 старших преподавателей, 11 преподавателей, 1 декан, 5 ведущих кафедр.

С 22 по 29 февраля члены жюри посетили открытые занятия участников. В итоге конкурса 1 место у Тәңірбергеновой Г.К., магистра филологии, преподавателя кафедры казахской литературы. 2 место разделили Трушева А.Т. - старший преподаватель кафедры английского и немецкого языков и Досанова Б.Б. - к.п.н., заведующая кафедрой «Химия». 3 место у Нургазиной А.С. - магистра туризма, преподавателя кафедры «География» и Балтымовой М.Р. - магистра педагогики, преподавателя кафедры «Педагогика и психология образования».

Также были присуждены номинации: «Организация продуктивного обсуждения учебных проблем»: Досмырза Р.Ж. - старший преподаватель кафедры «Педагогика и психология образования»; «Создание комфортных условий обучения»: Ербулатова А.К. - старший преподаватель кафедры «Социальная педагогика и начальное обучение»; «Технологичность методической разработки занятия»: Нуралина Б.А. - магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры «Социально-политических дисциплин»; «Обеспечение субъектно-субъектного взаимодействия студентов средствами ИКТ»: Шаньгытаева Г.А. - доктор PhD, старший преподаватель кафедры «Информационных систем»; «Организация самостоятельной познавательной деятельности студентов средствами ИКТ»: Абдуллина А.Г. - магистр географии кафедры «География»; «Методически грамотное использование интерактивных методов обучения»: Молдабеков Е.Б. - старший преподаватель кафедры государственно-правовых дисциплин; «Обеспечение интерактивности оценивания результатов обучения через ИКТ»: Жумагулова А.А. - старший преподаватель кафедры теории информатики и технологии обучения; «Коллективное решение производственных проблем в учебном процессе»: Космбаевой Г.Т. - старший преподаватель кафедры «Нефтегазовое дело».

Динара КУЖАХМЕТОВА

ТАРИХИ ШАРА

Университетіміздің тарих факультетінде «Тарихи өлкетану» атты студенттердің ғылыми үйірмесінің ұйымдастыруымен және оқытушылардың қатысуымен 1916 жылғы қозғалыстың 100 жылдығына орай «1916 ж. қозғалыс: зерттелуі мен тарихы» тақырыбында топтық сайыс болып өтті.

Сайыс 1916 жылы болған ұлт азаттық қозғалыстың тарихи мәнін жастарға терең түсіндіре отырып, оның зерттелуі мен тарихи туралы білімдерін ортаға салу мақсатында өткізілді.

Шара барысында тарих мамандығының 1-2 курс студенттері арасынан «Алаш» және «Жалын» топтары құрылып, өзара сайысты. Сайыс кезінде 1916 ж. қозғалыстың зерттелуі, қозғалыстың себебі, сипаты, барысы, негізгі ошақтары мен тарихи маңызы төңірегінде сұрақтар қойылып, мәселелер қозғалды. Сайыс жоғарғы деңгейде өтті.

Топтық жарысқа қазақстан тарихы және тарих кафедрасының аға оқытушысы Ж.А.Ғанибаева, тарих факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.К.Қонбай, тарих мамандығының 4 курс студенті Д.Ахметқалиев төрелік етті.

Шара соңында «Тарихи өлкетану» үйірмесінің жетекшісі Айнағұл Еспенбетова тақырыптың өзектілігіне тоқтала отырып, белсенділік танытқан студенттерге алғысын жеткізді. Тарих факультетінің деканы Самат Есқалиев шараға қатысқан студенттердің дайындығы мен тақырып бойынша жауаптарының ғылымилығы мен деректік негізін жоғары бағалады.

Өз тілшіміз



ҰЛЫЛАР ҰШҚАН ҰЯ: БҰРЫН, КЕШЕ, БҮГІН

Қ. Жұбанов атындағы Жұрын орта мектебі Көненің көзі – жаңаның өзі немесе / қасиетті білім шаңырағының қысқаша тарихы /



Үсті дөңге бай, асты кенге бай Мұғалжар жерінде оқу мен тәрбиеге ерте кезден-ақ үлкен мән берілген. Оған айғақ ХІХ ғасырда қазақ балаларын арабша біліммен сауаттандыра отырып, оларды мұсылман қағидаттары бойынша өзі ұстаған мешіттерде имандылыққа тәрбиелеген Молдағазы, Сауғабай, Ахмет, Нұртай сияқты хазірет-шандар есімдерінің күні бүгінге дейін халық жадында сақталуы. Сол діни ұстаздардың ішінде Жұрын ауылында алғаш рет медресе ашқан Нұртай Құрманалыға кешегі «Кеңестік империя» тұсында «панисламшыл», «пантүркішіл» деген жала жабылғаны, оның сол кездегі солақай саясаттың құрбаны болып қазаға ұшырағандығының өзі бүгінгі елге кеп жайды аңғартады. Ақ ХХ ғасырдың басында Орал губерниясы Темір уезіне қараған осы Жұрын ауылында сол Мұғалжар топырағының білікті азаматы атақты Құдайберген мен Ахмет Жұбановтардың екеі Қуанның күшімен өуелі бір кластық мектеп, содан соң 1914 жылы екі сатылық орыс-қазақ училищесі ашылып,

халыққа қызмет еткендігі жөніндегі біреу білсе, біреу білмейді. Қуанның қаржылық қолдауымен халыққа кезінде талай жыл қатарынан қызмет жасаған осы оқу орындарында ез кезінде аты алашқа мәшһүр лингвист-профессор Құдайберген Жұбанов пен қазақтан шыққан тұңғыш музыка академигі Ахмет Жұбанов, жазушы-журналист Жиенғали Тілепберген, драматург-аудармашы

Сағыр Камалов, Кеңестер Одағының Батырлары Мөлкеджар Бекенбаев, И.У.Гринько, Т.К.Шербанов, үш соғыстың ардагері, аты аңызға айналған танк батальонының даңқты командирі, әскери ордендер мен медальдар иегері Сабыр Құрманалин, Социалистік Еңбек Ері Шәкиза Құрманязова кезінде білім алса, кейінірек юстиция генерал-майоры Сағитжан Тасмағамбетов, техника ғылымдарының докторы, профессор Қожанияз Есенбаев, ҚР Президент өкімшілігінің инспекторы Еркем Имантаев, ҚР Қазақстан КП Орталық Комитеті қорғаныс және энергетика бөлімінің меңгерушісі Ахмет Қалиев, техника ғылымдарының докторы, профессор Асылбек Төлешов, ҰОС ардагері, ержүрек жауынгер-десантшы И.И.Трифанов, психология ғылымдарының докторы, академик А.А.Калюжный, «СНПС Ақтөбемұнайгаз» АҚ (акционерлік қоғамының) келік технологиясы басқармасының бастығы Нұрлан Сейткамалов, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Шалқыма Құрманалина, Қарғалы

ауданының өкімі (бұрынғы) Есет Сартаев және тағы басқа республикаға танымал тұлғалар мен Жұрын мектебін алтын, күміс медальмен аяқтаған 30-ға жуық мұғалжарлық шәкірт өр жылдарда тәрбие-білім алды. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына байланысты Польша мемлекетінен Қазақстанға жер аударылған ұлтты поляк балалары үшін Жұрын кентінде Ванда Василевская атындағы балалар үйі



ұйымдастырылды. Ағайынды Жұбановтар оқыған мектептің оң жақ қанатында орналасқан сол үйдің директоры А.Я.Франчукпен бірге жергілікті оқытушылар да поляк балаларымен арнайы сабақтар өткізіп, пионерлік шараларды бірлесіп ұйымдастыруды дәстүрге айналдырды. Тек, 1946 жылы Жұрын мектебінің жанында орналасқан осы балалар үйінің жұмысы тоқтатылып, 117 шетелдік жас ернені елінің астанасы Варшаваға қайтарылды. Жұрын жерінде болған бұл жағдай қазақ-поляк достығын нығайтуға үлкен себепшілік жаса-

ды. Соғыстан кейінгі екпінді бесжылдықтар кезінде Жұрын поселогінің Абай көшесіндегі жоғарыда өзіміз айтып отырған ескі оқу орындарының орнына жаңа мектеп салынып, 1984 жылы ол қайтадан жаңартылды. Кеңестік дәуірде Отанымыздың жас патриоттарын тәрбиелеу ісіне қыруар үлес қосқан үлкен тарихы бар осы мектепке 1962 жылдың ақпан айында үкімет қаулысымен

ұлы ғалым, педагог, патриот Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың есімі берілді. Өз топырағынан ұшқан ұланының аты берілген Жұрын орта мектебі содан бергі уақыттың барлық кезеңінде де өзінің қоғам мен халық алдындағы иілікті міндеттерін жемісті орындап келе жатыр. Оған Құдайберген мен Ахмет сияқты ұлылар оқыған қасиетті білім шаңырағының бүгінгі тірлігі куә.

Болат БАЙМУХАНОВ,
«Жұбановтану» ғылыми зертханасының
менгерушісі, ф.ғ.к.

ЖҰБАНОВ МЕКТЕБІНІҢ БҮГІНГІ ТІРЛІГІ



Биылғы 2015-2016 оқу жылында Қ.Жұбанов атындағы Жұрын орта мектебінде қазір 235 шәкірт білім алуда. Оқу орнының іскер басшысы (директоры) Дамир Кужаниязов бастаған 48 мұғалім бүгінде сол жас тұлғаларға төлімдік қызмет көрсетуде. Соңғы 4 жылдың ішінде жұрындық оқушылардың он жетісі өртүрлі мамандықтар бойынша Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетіне түсіп, бүгінде кәсіби білім алуда. Жұбанов атындағы мектептің оқушылары «Дарын», «Зерде» атты облыстық ғылыми-шығармашылық жобалары бойынша конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Атап айтсақ, Алмағұл Ислам «Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесі» тақырыбында жүлделі ІІ орын (Жетекшісі М.А.Қуанжанова) алса, «Қазақ халқының мәдениетіндегі жылқы бейнесінің насихатталуы» тақырыбы бойынша Ақерке Ақырап (Жетекшісі А.К.Есеркенова), «Су – тіршілік көзі» тақырыбы бойынша Назерке Сақтапберген (Жетекшісі Б.К.Қурманалина), «Ежелгі баспана – киіз үй» тақырыбы бойынша Аян Жолдыбай, (Жетекшісі К.И.Симбетова), «Волшебная сила соли» тақырыбы бойынша Нарғыз Умарова (Жетекшісі Ж.З.Жакешова) облыстық білім Басқармасының Грамоталары және Алғыс хаттарымен марапатталды. Аудандық білім жарысында «Әлдилеген тәрбие»

бесік-анам» тақырыбы бойынша Ислам Дархан ІІ орынға, «Чудо – лимон» тақырыбы бойынша Ерсары Темирлан ІІІ орынға ие болды. «Сөз шеберлері» бағыты бойынша өткен конкурста Райымғұл Мухамбеди І орынға, Дария Ділжан ІІ орынға ие болды (Жетекшісі қазақ тілі өдебиеті пәні мұғалімі Г.М. Алтаева). Ақ облыстық К.Бітібаева атындағы қазақ тілі олимпиадасында 10-класс оқушысы Жұлдызай Қалиғұлла (жетекшісі М.А. Қуанжанова) ІІІ орынның жүлдегері атанса, 1-класс оқушысы С.Маликова Қандыағашта өткен аудандық «Кішкентай ханшайым, кішкентай ханзада» байқауында Бас жүлдені, сонымен қатар, Алматы қаласында өткен республикалық «Ақ көгершін» фестивалінде ІІ орынды өз талант-дарынымен жеңіп алды. Мектепте шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдер баршылық.

Мысалы, солардың бірі жоғары санатты химия пәнінің мұғалімі Айгүлжан Хамитқызы Мұңайтбасова Халықаралық «Инфоурок» жобасы бойынша жеке сайты ашты. Химия пәнінен қашықтықтан оқытудың халықаралық олимпиадасында ол оқытатын шәкірттер - 10 кл оқушылары Ж.Амандық, А.Жазым, А.Әлім - І орынның, 8 кл оқушылары: А.Ділжанова, К.Амешова - ІІ орынның, 9 кл оқушысы А.Қалиғұлла - ІІІ орынның иегерлері атанды. Ақ Айгүлжан Хамитқызының «Химиядан сандық және сапалық есептерді шығару үлгілері» атты әдістемелік жинағы мен «Химия пәнінің бағдарлы оқыту ерекшеліктері мен тиімді жолдары» атты мақаласы бүгінде жаратылыстану пәндері мамандарының арасында кең резонанс туғызууда.

Н. СЕЙТИМОВА,
Қ.Жұбанов атындағы Жұрын
орта мектебі директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары

ПАЙДАЛЫ СЕМИНАР

Қазақ филологиясы бойынша тұңғыш профессор, белгілі тілші, ғалым Құдайберген Жұбанов неубетке ұшырап өділетсіздіктің құрбаны болғаны баршаға мәлім.

Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың тіл ғылымындағы орасан зор еңбегін академик В.В.Бартольд, С.Е.Малов сияқты ғалымдар жоғары бағалап, оның өлемдік лингвистика мен түркітану саласындағы жаңалықты ізденістеріне айрықша маңыз берген.

Қазіргі таңда Жұбанов үрдісі ғалымда жалғасын табуда. Республикамыздың ірі ғылыми мекемелері мен жоғарғы оқу орындарында ғалымға арналып ғылыми-теориялық конференциялар өткізіліп келеді. Құдайберген ағаның 90 жылдық мерейтойы қарсаңында біздің Жұрын ауылына оның балалары мен жары Раушан апай келгені менің бала болсам да өлі есімде. Жұбанов есімінің 1996 жылы Ақтөбе университетіне берілуі және сол кезден бастап бұл оқу орнының жанында «Жұбановтану» ғылыми-зерттеу лабораториясының тұрақты жұмыс істеуі қуанарлық. Жақында сол зертхананың ұйымдастыруымен біздің мектепте «Профессор Құдайберген Жұбанов және қазақ тілінің лингводидактикалық қызметі» тақырыбында аудандық ғылыми-әдістемелік семинар болып, дөңгелек үстел төңірегінде педагогиканың өзекті мәселелері туралы өңгімелер өрбіді. Зертхана жетекшісі Болат Баймуханов ағай шебер-класс өткізіп, ұстаздарға өзінің инновациялық авторлық концепциясы – параллельдік ойлау жүйесі арқылы тіл мен әдебиет сабақтарын қандай әдістермен оқытуға болатынын үйретті. Семинарға қатысушы мұғалімдерге арнайы сертификат табыс етілді. Сондықтан, Қ.Жұбановтың ғылыми шығармашылығының өміршеңдігін көрсететін осы шараны біздің мектепте өткізуге ұйғарған университет өкімшілігіне үлкен ризашылық білдіреміз.

Ж.ИМАГАНБЕТОВА,
Қ.Жұбанов атындағы Жұрын орта мектебі қазақ
тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі



РОДНОЙ ОН ДЛЯ НАС

наша школа носит имя К.Жубанова.

И это все, что мы тогда знали о нем. Для нас он был загадкой. На переменах мы часто всматривались в его портрет, с которого смотрел на нас улыбающийся, совсем молодой, красивый человек, ученый. От его взгляда веяло добротой, вежливостью и интеллигентностью. И понимали мы тогда одно: что имя его нужно носить с честью, что имя Кудайбергена Жубанова – человека простого, рядового, а великого, гениального достойно своей эпохи.

Время шло. Я закончила Актюбинский пединститут, стала учителем русского языка и литературы, начала работать в своем поселке, где выросли мои легендарные земляки Кудайберген аға и Ахмет аға Жубановы. Через некоторое время я, как бывшая выпускница, раньше других узнала, что нашему инсти-

титу присвоено имя К.Жубанова. Как я тогда радовалась, узнав эту новость! Была довольна тем что ведь теперь не одна наша школа, но плюс к ней пединститут - моя альма-матер - будет носить его имя! Затем позже в центре города Актөбе появилась улица Братьев Жубановых, перед университетом был открыт памятник Жубанову. В периодической печати почасту стали появляться статьи о К.Жубанове, а также новые сведения о его научных трудах и неординарной личности ученого. В школе традиционным стало проведение конференций, классных часов, посвященных профессору Кудайбергену Жубанову. Вот так и для всех журунцев и для меня великий Жубанов стал родным.

Р. ИМАГАНБЕТОВА,
учитель русского языка
и литературы Журунской средней
школы им. К.Жубанова



Имя К. Жубанова – профессора, лингвиста, основоположника казахского языка, знакомо мне с детства, так как я закончила среднюю школу имени К.Жубанова. До сих пор помню большой портрет, висевший в середине длинного коридора старой школы, находящейся в нашем поселке Журун. Под ним были данные о его жизни, указан год реабилитации, что с 1962 года

КУДАЙБЕРГЕН ЖУБАНОВ - НЕИССЯКАЕМЫЙ ИСТОЧНИК В МИРЕ СЛОВ



Кудайберген Жубанов в моей памяти всегда был таким, каким я себе представляла его, еще будучи ученицей. Мне всегда хотелось быть хоть чуточку похожей на него, я даже пробовала сочинять стихи, и всегда, сочиняя что-нибудь, еще такое наивное и странное, думала: как же это нелегко - собирать слова и ставить в правильную колонку. Возможно, я не талант, и отнюдь не думаю об этом. Однако именно Кудайберген Жубанов заставляет думать по-другому, да и вообще жить как-то по-человечески, потому что изо дня в день, вглядываясь в его лицо, я не перестаю удивляться его взгляду, который, как мне кажется, никогда не омрачался, а, наоборот, сиял все ярче и ярче, наверное, по-


тому, что он чувствовал силу своего народа, веру в него и, таким образом, не мог выглядеть иначе.

Кудайберген Жубанов... В самом этом имени есть смысл, есть надежда, что казахский народ не исчезнет среди потока наций и других культур, что, наоборот, благодаря такому наследию, мы еще долгие годы будем гордиться своим учителем. Да, именно учителем, потому что он пример для всего народа, и не только казахского. И не будет никогда нам стыдно, ведь учителем назвали человека, который не только давал знания, но и потому, что подавал хороший пример поколению, идущему за ним.

А. ДАНИЯРОВА,
учитель английского языка
Журунской СШ им. К.Жубанова

ЗАМАНФА ЛАЙЫҚ ТҰЛҒА

Аз ғұмыр, қысқа уақыт ішінде қазақ филологиясына мол үлес қосып, қомақты мұра қалдырған талантты Құдайберген Жубановтың еңбектері 1937 жылдан кейін жарық көрмей, 20 жыл бойы жұртшылық назарынан сырт қалып келді. Тек 1957 жылы Құдайберген Жубановтың азаматтық құқығы қалпына келтіріліп, ғалымның қазақ тілі жөніндегі зерттеулерін оқырман қауымына ұсынуга мүмкіндік туды. Профессор Қ.Жубановтың өмірі мен шығармашылығын тұңғыш зерттеген Жубановтанушы, академик Рабига Сыздық оған «Өзінің табиғат берген бітімімен, Алла Тағала сыйлаған ақылды-парасаттылығымен, үлкен таланттылығымен, ата-анасы мен тәрбиесінен келген қабілеттілігімен, алған білім-таныммен өлден ерек тұрған біртуар тұлға» деп зор баға берсе, ұлы М.Әуезов «Қ.Жубанов – туган жер, өскен еліне шынайы ой-арманымен, қалтқысыз көңілі, ақаусыз білімімен танылған адал азамат, ардақты ғалым еді...» деп қимастықпен еске алды. Сондықтан, біздің жерлес ағамыз, қазақтың көрнекті ғалым-педагогі Қ.Жубанов қашан да зор құрметке лайық біртуар тұлға.



С.ИРЖАНОВА,
Қ.Жубанов атындағы Жұрын орта мектебінің қазақ тіл мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ЖҰБАНОВТЫҚ ТӘЛІМДІК ЖҮЙЕ – БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Қ.Жубановтың қазақ әдеби тіл мәселелері, мәдениет пен өнер мәселелері туралы зерттеу еңбектері академик Рабига Сыздық апай айтқандай біртуар творчестволық тұлғаның бойына мейлінше мол жинақталып, бірінбірі толықтырып тұр. Ал оның ғылыми ізденістері дидактикамыздың қорын байытып, қазіргі оқыту жүйесін жаңаша жетілдірудің амалдарын алдын ала анықтап берді. Қ.Жубанов қазақ балаларының психологиялық ерекшеліктері ұлттық салт-дәстүрден туындайтынына және ол ерекшеліктерді оқу-тәрбие барысында міндетті түрде ескеру қажеттігіне көзінде мұғалімдер қауымының назарын айрықша аударды.

Құдайберген Қуанұлының еңбектерін оқи отырып, оның көзқарастары мен педагогикалық ой-пікірлерін ол өмір сүрген заманнан 30-40 жылға озып кеткеніне көз жеткізуге болады. Бұл жағдайды профессордың қызы Мұслима Жубанованың сөзімен айтар болсақ: «Қ.Жубанов өз оқулықтарында «ойлан» деген сөзді құрғақ ақыл ретінде айтпаған, әр уақыт ойланудың дұрыс жолдарын жүйелі түрде көрсетіп отырған. Сондықтан, Жубанов оқулықтарының бізге беймәлім әлі талай сыры бар».

Ендеше уақыт озып, өмір өзгерген сайын Құдайберген Жубанов мұраларын оқу-тәрбие жұмысында тиімді пайдалану біздің міндетіміз. Ал мұндай тірлік қай мұғалімді болса да, жемісті істерге жетектері сөзсіз.

М. ҚУАНЖАНОВА,
Қ.Жубанов атындағы Жұрын орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВ



Сарғайған қағаз. Сығырайған білге шам. Үміт емес, үрей тугызады. Қазақстанның батыс аймағында жаппай қуғын-сүргін 1937 жылдың күзінде басталған еді. Бұл жылдың қуанышты естелік күндері сиреп, елім деген еңбек еткен ерлердің басына қара бұлт үйірілген кезең. Қазақ елінің ұрпағының болашағы бұлыңғыр болмасын деп аянбады. Қазақ тарихында қазақ ұлтының тіл әдебиеті мен мәдениетінің даму жолында қыруар жұмыстар атқарды. Оның ғылыми еңбегі өлшеусіз. Құдайберген Жубановтың ерекшелігі – оның көп тілді меңгеруі. 18-19 жасынан Кеңес үкіметіне қызмет етті. 1937 жыл 19 қарашасы суық хабар. Құдайбергеннің профессор атанған кезі еді. Кеңес үкіметінің қос солдатты суық қару асынған түрінде үйге кіріп келді. Сол кезде үйінде музейдің беріп жіберген ескі заттардың мағынасын оқып беруді тапсырған болатын. Құдайберген «бұлар музейдің затты, жазуын анықтауға

берген» - деген сөзіне еш құлақ аспастан оны әкете барды. Сол кезде ол әлі де қырыққа толмаған, қазақтың құдай берген дарын иесінің алты баланың ардақты әкесі болып үлгерген кезінде, кенжесінің туганына небәрі 6 күн еді. Сол кеткен күйі шаңырағына оралмастан, мәңгілік сапарына жазалау жөніндегі қаулының құрбаны болып кете барды. «Халық жауы» ретінде ұсталған күні Құдайберген аға небәрі 38 жаста болатын. 1937 жылдан 1957 жылға дейін халықтың жауы ретінде қараланған Жубановтың ғылыми еңбектері бұқаралық баспасөзде жарияланбай, шет қалды. Елден ерек туган дарын иесіне анасының ақ сүтімен, әкесінің қанымен келген өз талантын Құдайберген Қуанұлы өз еліне арнады. Қалай десекте, Құдайберген Жубанов – ұлт мақтанышына айналған элита өкілдерінің маңдайалдысы, қазақ ұлтының тілі мен мәдениеті тарихында өзіндік орнын алған үлкен тарихи тұлға. Сондықтан бұл кісінің атын құрметтеу әрбір қазақтың парызы саналуға тиіс.

А.ЕСЕРКЕНОВА,
Қ.Жубанов атындағы Жұрын орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

ДОРОГА МНЕ ПАМЯТЬ О ЖУБАНОВЕ

Личность выдающегося ученого, который смысл своей жизни видел в служении родному народу, - яркий пример для нынешнего поколения учителей, работающих на ниве просвещения.

Я, как выпускница школы и института имени К.Жубанова, горжусь тем, что работаю в своей школе и продолжаю традиции нашего земляка, профессора Кудайбергенов Куановича Жубанова. И я рада тому, что являюсь последователем великого педагога, а также свидетелем всех встреч, конференций, посвященных его юбилеям на актюбинской земле. С 1995 года и по сей день поддерживаю тесный контакт и дружественную связь с его потомками: с дочерьми – Муслимой, Кырмызой, Кызгалдак и сыновьями – Акырапом, Аскармом и внуками.

Ж. ЖУМАГАЗИНА,
учитель русского языка и литературы
Журунской средней школы им. К.Жубанова



ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ

Халық ағарту ісіне жан-тәнімен берілген тамаша педагог ретінде Қ.Жубанов көптеген мектеп мұғалімдерімен үздіксіз хат жазысып, хат алысып тұрған. Тіпті, жекелеген «Жолаев» сияқты сол кездің білгір ұстаздарына да сәлемхат арқылы методикалық кеңестер беріп отырған, ана тілін қалай оқудың қыры мен сырын жан-жақты түсіндірген, талай рет оны грамматиканың, терминологияның сан қилы мәселелерімен таныстырған.

Қ.Жубановтың тұлғалық-кәсіби қасиеттеріне шолу жасай отырып, ғалымның тек қазақ тіл білімінде құр теориямен айналыспай, әдіскер ретінде де оңды пікірлер айтқанын, қайткенде де тәлімдік мәселені шешудің пайдалы тұстарын кәсіби қырағылықпен тани біліп отырғанын сезінуге болады. «Кім қаласа, әрбір істің амалын табады, ал кімнің қалауы жоқ болса, сол қай істі де орындамауға талпынудың іздейді» деп Сократ айтқандай, Қ.Жубанов тілдік-тәлімдік ғылымның сан қилы, сан қырлы әдіс-тәсілдерімен амалдарын таба білген және өз іс-әрекетімен сол амалдарды тәжірибеде пайдалана білген қазақ педагогикасының жарық жұлдызы.

Ж. ҚУАНЖАНОВА,
Қ.Жубанов атындағы Жұрын орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ҚҰНДЫ ЕҢБЕКТЕРДІҢ АВТОРЫ



Кез келген ғылым саласының бастауында гасырлар бойы маңыздылығын жоймайтын уақыт өткен сайын, іздене үңілген сайын келер ұрпақтың ой, терең пайымдау, жаңа білім табатын ғұмырлық еңбектер болатындығы белгілі. Мұндай еңбектердің қатарына XX гасыр басында-ақ қазақ тіл білімінің негізін қалауға айрықша үлес қосқан аса көрнекті тілші-ғалым, профессор Құдайберген Қуанұлы Жубановтың зерттеулері жатады. Қ.Жубановтың ғылым тезіне түсіп таразыланған тұңғыш грамматика оқулығы мен қазақ тілінің мемлекеттік бағдарламасын жасады, қазақ тілтануы саласында академиялық сипаттағы алғашқы монографиялық зерттеудің авторы болғаны бәрімізге мәлім. Сондай-ақ ғалымның 1930 жылдардан басталған Қазақстандағы терминологиялық жұмыстарды ұйымдастырушы, қазақ терминологиясының Кеңес дәуіріндегі дамуының бағытын белгілеуші екендігін және ол анықтаған термин түзудің 10 қағидалы (принципі) қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтпай іске жарап жатқанын ризашылықпен атап айтуымыз керек.

А. ҚҰБАТАЕВА,
Қ.Жубанов атындағы Жұрын орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

АТЫҢМЕН, АҒА МАҚТАНАМ

О, ұлы аға, жемісті болды білім іздеген сапарың, Сен тер төккен ғылымдарда көбейді қазір қатарың. Ана тілге ақыл мен қайрат, көзінде жұмсап күшінді Тек өзің алдың «лингвист- профессор» атағын

Тарихи қате, саясат үшін сұраймын Сізден кешірім, Ұмытпас сені, Жұрындай - әлди бесігің. Ұрпағына өшпес мұра қалдырған Жасайды мәңгі Құдайберген атты есімің.

Г. АЛТАЕВА,
Қ.Жубанов атындағы Жұрын орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

КҮЛЛІ ҚАЗАҚТЫҢ МАҚТАНЫШЫ



Құдайберген Жубановтай жақсы адам – бұкіл қазақ жұртының мақтанышы.

С. ДЕРБИСАЛИНА,
Қ.Жубанов атындағы Жұрын орта мектебінің бастауыш класс мұғалімі



ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА

Университетіміздің тарих факультетінде тарих мамандығының 2 курс студенттері мен топ кураторы А.Ж. Қалыбаеваның ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік белестері» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Студенттерді отаншылдыққа,

ұлтжандылыққа, туган жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру, студенттерді патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында өткізілген бұл ашық сабақтың студенттер үшін маңыздылығы зор болды.

Мадина ДҮЙСЕМБАЕВА

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ СЕМИНАР «ЖИЗНЬ ЯЗЫКА И ЯЗЫК В ЖИЗНИ»



15 марта в Актюбинском региональном государственном университете имени К.Жубанова на факультете иностранных языков состоялся международный научно-практический семинар «Жизнь языка и язык в жизни». Данный научно-практический семинар проводится уже второй год подряд. В прошлом году в резолюции семинара было принято решение о ежегодном проведении такого семинара. Нынешний семинар проходит в юбилейный для нашего университета год. Его проведение факультет иностранных языков посвящает 50-летию Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова.

В работе научного семинара принимали участие ученые-филологи, занимающиеся исследованием актуальных вопросов современной лингвистики, педагоги, исследующие применение инновационных технологий в процессе обучения.

Целью семинара является знакомство с магистральными направлениями лингвистических исследований, определившимися в последние десятилетия XX века, а также с частными школами и течениями современной отечественной и мировой лингвистики.

В рамках семинара прошло обсуждение основных вопросов по следующим направлениям: проблемы современных лингвистических исследований и теория языка; использование инновационных технологий в обучении языкам; проблемы социолингвистики (языковая ситуация, языковая политика, языковое планирование).

Работа научного семинара показала эффективность таких межфакультетских дискуссий, т.к. они позволяют научно-педагогическому составу, магистрантам и студентам расширить и дополнить представление о феномене языка.

Вопросы, обсуждавшиеся на семинаре, очень насущны в наши дни. Преподаватели смогли поделиться и обменяться опытом работы. Участники семинара единодушно выразили желание в их ежегодном проведении.

Салтанат ИСКИНДИРОВА,
декан факультета иностранных языков

КЕҢ АУҚЫМДЫ ҚАМТЫДЫ



Жақында Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының ұйымдастыруымен өткен, «Дуалды білім беру жүйесіндегі үздіксіз педагогикалық практика: тұлғаға бағдарланған технологияны пайдалану ерекшеліктері» атты республикалық On-line режиміндегі семинарға университетіміздің педагогика институты жалпы педагогика және психология кафедрасының оқытушылар құрамы мен студенттері қатысты. Семинарға сондай-ақ, республикамыздың басқа да облыстарынан Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақ ИПХД университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері атсалысты.

Онлайн-семинар барысында дуалды білім беру жүйесінде болашақ педагогтардың жан жақты, жаңашыл көзқарастағы құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары, жаңа жобаның артықшылықтары мен кедергілері талқыланды. Семинар жұмысының аясында үй тапсырмасына берілген креативті педагог портретін жоғарыда аталған оқу орындарының 3-4 курс студенттері өзара қорғады. Студенттер ашық микрофонға қатысып пікірлерін білдірді.

Семинар жұмысы өте әсерлі өтті. Кафедраның профессор-оқытушылық құрамы еліміздің басқа жоғары оқу орындарының ғалымдарымен тікелей байланысып, тәжірибе алмасты.

Семинар қорытындысында резолюция қабылданып, ұсыныстар енгізілді. Алдағы уақытта кәсіптік практикаларды ұйымдастыруды дамыту мақсатында On-line режиміндегі семинарларды жүйелі түрде өткізуді дәстүрге айналдыру жайында ұсыныс жасалып, ол көпшіліктің қолдауына ие болды.

Ж.ЖУСУПОВА,
жалпы педагогика және психология
кафедрасының меңгерушісі

МЕРЕКЕГЕ ТОЛЫ

Еліміздің ұлық мерекесі Наурыз мейрамын біздің Батыс өңірінде наурыздың 14-ші жұлдызынан бастап тойлайтыны баршамамызға аян. Қыстан аман-есен шықтық, жер көгерді, ақ молаяды деген ырыммен адамдар үйді-үйді аралап, бір-бірімен көрісіп, жақсылық, молшылық тілеседі.

Осыған орай университетіміздің 1-ші жатақханасының студенттері мереке ұйымдастырды. Жас та болсақ, үлкендерден көргеніміз бар, жастайымыздан бойымызға сіңіріп өскен тәрбиеліміз бар, қазақтың салт-дәстүрін дәріптеуге кішкене де болса септігімізді тигізу мақсатында шара барысында бір көтеру, арқан тарту, қол күрес секілді ұлттық ойындарымызды көрсеттік. Мольнан дастарқан жайып, қазақтың ұлттық тағамы бауырсақ, жент, наурыз көжені келген қонақтарға ұсынып, жатақханамыз ерекше мерекеге бөлгенді.

Әбілқайыр ТІЛЕУЖАН

ТАРИХШЫЛАР ЖОБА ӘДІСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА

Жақында университетіміздің тарих факультетінде «Қосалқы тарихи пәндер» пәнінің аясында тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Жібек Бегимбаева тарих мамандығының 2 курс студенттерімен ашық сабақ өткізді.

Ашық сабақ жарыс түрінде ұйымдастырылды. Студенттер «Хронология», «Генеалогия», «Метрология» болып үш топқа бөлініп, өзара білімдерін сынга салды. Бұл сабақтың негізгі мақсаты «Хронология, Метрология, Генеалогия» тақырыбы бойынша студенттердің білімін кеңейту және тереңдету, зерттеу объектісінің ерекшелігі мен әдістерін айқындау, тарихи деректерді зерттеудің техникасын, әдістерін меңгертуге арналды. Топтарға т.ғ.д., профессор Р.А. Бекназаров, аға оқытушы И.К.Ли, оқытушы А.Ж.Қалыбаевалар әділ бағасын берді.

Бірінші кезең таныстыру сайысынан басталды. Әр топ өз топ мүшелерін таныстырып, эмблемасын, ұранын әділқазылар назарына ұсынды. Екінші кезеңде әр топ өздерінің тақырыптары бойынша, яғни «Хронология», «Генеалогия», «Метрология» тақырыбы турасында презентация көрсетті.



Үшінші кезең сайысы «Ассоциограмма» деп аталды. Бұл сайысқа әр топ өз тақырыбы бойынша төрт термин дайындап келді және сол төрт терминді екі-екіден әр топқа үлестірді. Содан кейін әр топ өздеріне үлестірілген терминдерге байланысты өз ойларын қағазға түсіріп, терминдер турасында өз ассоциацияларын ашық сабаққа қатысушыларға жеткізді.

Соңғы «Қара жәшік» деп аталған сайыста әр топ өз тақырыптары бойынша белгілі бір таңдалған затты қара жәшіктің ішіне жасырып, сол жәшіктің ішінде қандай зат барын жұмбақтап басқа топқа сұрақтарын қойды.

Сайыскер топтар таңдалған «Хронология», «Генеалогия», «Метрология» тақырыбы төңірегінде мәліметтерді мольнан тарқатып, қосалқы тарихи пәндердің тарихи деректермен жұмыс жасау процесінде ерекше рөл атқаратынын көрсетті.

Санат САНДЫБАЕВ,
тарих мамандығының 2 курс студенті

ВЕРНУЛИСЬ С ДИПЛОМАМИ

11 марта с.г. в Центральном выставочном зале г. Оренбурга состоялось торжественное открытие Международной выставки-конкурса декоративного искусства «Образы изменчивых фантазий», в которой приняли участие более 110 авторов: из Башкирии, Чувашии, городов Екатеринбург, Томска, Магнитогорска, Оренбурга, Орска.

Выставка была организована по инициативе Оренбургского областного отделения Союза художников России при поддержке Правительства Оренбургской области, Министерства культуры, общественных и внешних связей Оренбургской области.



Целями выставки-конкурса явились: привлечение внимания к произведениям талантливых художников декоративно-прикладного искусства; продвижение наиболее значимых, инновационных работ в области декоративно-прикладного искусства на всероссийский и международный уровень; распространение информации о наиболее одаренных художниках в культурном пространстве регионов и стран союзников; сближение творческого уровня мастеров художников из различных регионов нашей страны и стран союзников, работающих в национальных традициях; сохранение и развитие культурных и национальных традиций путем поддержки талантливых художников.

В выставке-конкурсе приняла участие старший преподаватель кафедры «Дизайн» АРГУ им. К. Жубанова Юлия Николаевна Кузнецова и студенты 4 курса специальности «Дизайн». На конкурс были представлены 8 работ в номинацию «Художественный текстиль», выполненных в технике «Ниточная графика».

полненных в технике «Ниточная графика».

По словам председателя Оргкомитета выставки-конкурса заслуженного художника России, кандидата искусствоведения, доцента Аллы Александровны Васильченко, жюри оценило инновационный подход в подаче художественных панно, необычную объемную технику мастеров из Актобе, отметило умелое цветотональное решение композиций.

Ю.Н. Кузнецова была награждена дипломом I степени в номинации «Художественный текстиль», а студенты П. Муркина и Л. Калиниченко получили дипломы II степени.

Экспозиция выставки продлится по 3 апреля в Центральном выставочном зале г. Оренбурга по адресу: ул. Володарского, 13.

Юлия КУЗНЕЦОВА,
старший преподаватель кафедры «Дизайн»

ӨНЕРЛІ КУРАТОР

«АДАМҒА ЕҢ БІРІНШІ БІЛІМ ЕМЕС, ТӘРБИЕ БЕРІЛУІ КЕРЕК, ТӘРБИЕСІЗ БЕРІЛГЕН БІЛІМ АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ, ОЛ КЕЛЕШЕКТЕ ОНЫҢ ӨМІРІНЕ ЗИЯН ӘКЕЛЕДІ», - ДЕП ӘЛ-ФАРАБИДІҢ КӨРЕГЕНДІЛІКПЕН АЙТҚАН ПІКІРІ ЕШҚАШАНДА МАҢЫЗЫН ЖОЙМАҚ ЕМЕС. ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ОЗЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫП, ДӘСТҮРЛЕРІ МЕН ІЗП ҚАСИЕТТЕРІН БОЙЫНА СІҒІРЕ ОТЫРЫП, ДЕНІ САУ, РУХАНИ ӨРІСІ БИІК, ПАРАСАТТЫ, ҚАЗІРП ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ ҮДЕРІСІНЕ САЙ БІЛІМДІ, РУХЫ КЕМЕЛ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРА БІЛУ – ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕКТІ МАҚСАТЫ ЕКЕНІ АЙҚЫН.



Осы мақсатта жуырда физика-математика факультетінде «Өнерлі куратор» сайысы ұйымдастырылды.

Сайыс үш кезеңнен тұрды. Кураторлардың алдымен өздерін шеберлікпен таныстыра білуі бағаланса, екінші кезеңде шиеліністі жағдайдағы сұрақтарға жауап беріп, тығырықтан шығудың тиімді

жолын таба білу тапқырлығы сынға түсті. Ал үшінші кезеңде сайыскер оқытушылар студенттерді тек білім нәрімен сусындатып, олардың бойларына тәлім-тәрбие беретін ұстаз ғана емес, сондай-ақ, өнерге де бір табан жақын жан екендіктерін танытты. Бұл кезеңде Үзілхан Кемаладинова жанды дауыста «Бегімайдың термесін» әуелете орындаса, Әсем Айтжан ез қолымен жасаған қолөнер бұйымдарын ұсынып, көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Ал Ақзада Дүреғеева ез тобының қыздарының қолдауымен «Он алты қыз» өніне керемет көрініс көрсетіп, бір ерекшелікті көрсете білді. Ляззат Капарова студенттерімен бірге гитарамен өн шырқады.

Кураторлардың өнерін орыс тілі кафедрасының оқытушысы Р.К.Таңатова, әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының оқытушысы Г.Ж.Симуханова және факультеттің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Т.Ж.Ильясвалар бағалады.

Сайыс нәтижесі бойынша жүлделі бірінші орынды Үзілхан Кемаладинова иеленсе, екінші орынды Әсем Айтжан, ал үшінші орынды Ақзада Дүреғеева мен Ляззат Капарова еншіледі.

Нұршат НАУРЫЗОВА,
аға куратор

НАШИ ЗАНЯЛИ ПЕРВОЕ МЕСТО

10-11 марта в Оренбурге прошла Международная научно-практическая конференция Восьмые Большеаковские чтения «ОРЕНБУРГСКИЙ КРАЙ КАК ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН», оргкомитет которой возглавила ректор Оренбургского государственного педагогического университета С.А.Алешина.



В качестве вуза-соорганизатора выступил Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова. Это стало возможным в рамках Договора о сотрудничестве между нашим университетом и Оренбургским государственным педагогическим университетом.

Современная геополитическая ситуация такова, что, только найдя общие мосты в гуманитарной сфере, мы сможем говорить о реальном построении единого евразийского пространства. Оренбургский край в этом смысле является уникальным трансграничным регионом, история изучения которого является актуальной и для казахстанских и российских ученых.

В рамках Международной научно-практической конференции Восьмые Большеаковские чтения прошло торжественное оглашение результатов Второго Международного конкурса молодых ученых России и Казахстана. Студентка 4 курса специальности «История» исторического факультета Айгерим Ажигалиева заняла первое место во Втором Международном конкурсе молодых ученых России и Казахстана «ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ОРЕНБУРГСКОГО КРАЯ И ПРИУРАЛЬЯ», посвященном 330-летию со дня рождения В.Н.Татищева, с исследованием на тему «Оренбургский период в деятельности «Общества изучения Казахстана» в 20-е годы XX века». Научный руководитель - доцент кафедры истории и регионоведения, кандидат исторических наук Жибек Сагинбаевна Бегимбаева.

В конкурсе принимали участие аспиранты, студенты и школьники из Казахстана и России. Международный конкурс стал инструментом налаживания гуманитарных контактов между Казахстаном и Россией, в основе которого лежит уважительное отношение к нашей общей истории.

Жибек БЕГИМБАЕВА,
кандидат исторических наук, доцент
кафедры истории и регионоведения АРГУ

ЖІГІТКЕ ЖЕТІ ӨНЕР ДЕ АЗ

Жақында университетіміздің физика-математика факультетінде «Жігіт сұлтаны – 2016» байқауы өткізіліп, оған қатысқан жігіттердің сегіз қырлы, бір сырлылығы сынға салынды. Байқау төрт кезеңнен тұрды.

Сайыстың алғашқы кезеңінде өдеттегідей қатысушылар өздерін таныстыра білу мәнөнерлерін сынға салса, екінші кезеңде жігіттер еділқазылар қойған сұрақтарға жауап беріп, өздерінің тапқырлықтарын, сез байлықтарын танытты. «Күш атасын танымас» дегендей, үшінші кезеңде сайысқа қатысушы жігіттер 1 минут ішінде гүлді және кеудесін қанша рет кетере алатындығын көрсетіп, тек шапшаңдықтарын ғана емес, күштерінің қаншалықты деңгейде екендіктерін де сынады. Төртінші кезеңде ез өнерлерін ортаға салған сайыскер жігіттер көрермендердің ризашылығына бөленді.

Университетіміздің тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасының басшысы Алибек Қаратаев, физика-математика факультетінің аға кураторы Нұршат Наурызова, іргелі және қолданбалы математика кафедрасының аға оқытушысы Айымгүл Ахметова, физика-математика факультетінің «Жігіт сұлтаны-2014» байқауының жеңімпазы Алишер Егембердиевтер сайыстың еділ бағасын берді.

Байқау қорытындысында математика мамандығының 2 курс студенті Мұстафа Қали тек есепке ғана жүйрік емес, өнерде де кем түспейтінін танытып, жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды информатика мамандығының 1 курс студенті Нұрлан Ыбрашев иеленсе, үшінші орынға физика мамандығының 2 курс студенті Аралбек Айтаманов лайық деп танылды. Байқауда бақ сынаған езге де сайыс-көрлерге қолдау көрсетіліп, ұйымдастырушылар тарапынан Алғыс хаттар табыс етілді.

С.Н.АБДУЛЛИНА,
физика-математика факультетінің тілшісі





ГЕОГРАФИЯ КАФЕДРАСЫНДА «АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ ӨТТІ

Үстіміздегі оқу жылы да аяқталуға таяп қалды. Биылғы 11 сыныпты бітіргелі тұрған талапкерлер үшін алда үлкен сынақпен қатар, болашақ мамандықтарын дұрыс таңдай білу жауапкершілігі де тұр. Оларға осы кезден дұрыс бағыт бағдар көрсету мақсатында- тарих факультетінің география кафедрасында қаламыздың мектептерін бітіруші талапкерлерге арнап «Ашық есік» күні өткізілді. Шара география, туризм мамандықтарына арналған география кафедрасының кәсіби бағдар жұмысы жоспарына сәйкес ұйымдастырылды.

«Ашық есік» күніне қаламыздың №38, 40 және т.б. орта мектептерінің оқушылары, сонымен қатар осы

аталған мамандықтарды бітіріп, өз саласы бойынша қызмет етіп жүрген тұлғалар қатысты. Кафедра оқытушылары келген оқушыларға арнайы оқу аудиторияларына, кітапхана, факультеттің тарихи-елкетану мұражайына танымдық экскурсия жасап, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. География, туризм мамандықтарында білім алып жатқан студенттер шара барысында шағын концерт ұйымдастырып, оқушылардың қызығушылығын тудырды.

Шараға қатысушыларға жарнамалық буклеттер таратылды.

Сания АЙГУЖИНА,
география кафедрасының аға оқытушысы

ШАХМАТШЫ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛҒАН ЖАРЫС



Қазіргідей ғылыми техниканың, ақпараттың қарыштап дамыған уақытында адамның ақыл-ойын дамытып, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулитын шахмат ойынының алар орны ерекше. Әсіресе, жастардың бұл ойын түрін меңгере білуі ескелең ұрпақтың жарқын болашағының кепілі болмақ. Жастардың ойлау қабілетін дамытып, шахмат ойынын кеңінен насихаттау мақсатын кездеген университетіміздің деңе тәрбиесі кафедрасының оқытушылары мен спорт клубының төрағасы Әбілғазы Құлмағанбетов ұлық мереке наурыз қарсаңында облысымызда шахмат ойынын жастар арасында дамытуға үлкен үлесін қосқан азамат Серғазы Сауқанұлының 80 жылдығына орай ерлер арасында шахматтан жарыс өткізді.



Серғазы Сауқанұлы 1936 жылы наурыз айының 23-ші жұлдызында Ақтебе облысы Шалқар ауданының Кішіқұм еңірінде дүниеге келген. Ол саналы ғұмырын шахмат спорттық ойынын дамытуға арнаған кісі. Шәкірт тәрбиелеп, оларды тек биік белестерге жеткізіп қана қоймай, келер ұрпақ үшін де «Шахмат-ойлылар ойыны», «Шахмат оқулығы», «Шахмат комбинациялары мен этюдтер жинағы» кітаптарын жарыққа шығарып кеткен

Жүйрік ойдың шебері Серғазы Сауқанұлының құрметіне орай ұйымдастырылған жарысқа қатысушылар саны көп болды. Дегенмен жарыс бар жерде жеңіс пен жеңіліс бар. Бірінші орынды тәжірибесі мол зейнеткер Аманжол Байжанов иеленсе, екінші орынды белгілі жазушы-сатирик Тережан Мәндібай жеңіп алды. Үшінші орын деңе тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы Серік Жумағамбетовке бұйырды. Сондай-ақ, қатысушыларға номинациялар да берілді. Аманжол Байжанов «Тез мат» номинациясына лайық деп танылса, «Ардагер ойыншы» Қалау Шүкіров атанды. Ал техника факультетінің 1 курс студенті Рамазан Жамангарин «Ең жас ойыншы» номинациясының иегері болды. Ойын соңында Серғазы Сауқанұлының ұлы Нұрғазы Сауқанов келген қонақтармен қатысушыларға үлкен рахметін айтып, жеңімпаздарға мақтау қағаздарымен ақшалай сыйлықтар және медальдар табыс етті.

Өз тілшіміз

ЗЕРЕК – БІЛІМДІЛЕР МЕКЕНІ

Жуырда университетіміздің филология және техникалық факультетінің белсенді студенттерінен құралған «Зерек» интеллектуалдық клубы ашылды. Клубтың ашылуына оқытушымыз Марғен Жолдыбаев ағайдың үлкен қолдау көрсеткенін айта кеткеніміз жөн Техника факультетінің деканы Ахмет Мырзағалиев клубтың ашылуында сөз сөйлеп, жастарға білімін одан әрі шыңдай түсуге тілектестік білдіріп, алдағы уақытта клуб жұмысына сәттілік тіледі.

«Зерек» интеллектуалдық клубы студенттеріміздің білімін шыңдап, олардың бойында логика, шапшаңдық, жауапкершілік сынды қасиеттерді дамыту мақсатында ашылған болатын. Білімділер клубы мүшелері алдағы уақытта түрлі сайыстар, шаралар өткізуді жоспарлауда.

Алтынай ОРЫНБАЕВА,
қазақ филологиясы мамандығының 1 курс студенті



Кештің алғашқы сөзі университет ректоры Кенжеғали Кенжебаевқа ұсынылды. Білім ордасының басшысы қатысқалы тұрған жас аруларымызға құттықтау сөзімен қатар жемісті жеңіс тіледі.

Сайыс 6 кезеңнен тұрды. Алғашқы тур «Жарасқан әсем басқа, берік көмшәт. Және де тұла бойға бұрме бұрым»-деген атпен, «Ұлттық нақышта орындалған заманауи киімде дефиле» болса, 2-ші турда – аруларымыздың интеллектуалдық деңгейін бағаланды. 3-ші тур - «Қыз-еркем, өнерімен көркем» - деп аталды. Мұнда қыздар өз тұла бойындағы ерекше қабілеттерің өнерін көрсетті. 4-ші тур

«Таң қалдырар би ырғағы»- деп аталды. Аруларымыз қосыла, біртұтас түрде би биледі. 5-ші тур «Балалық шағымның арманы». Бұл турда ару қыздарымыз өздерінің балалық шағында армандаған мамандығы туралы айтып берді. 6-шы соңғы турымыз: «Кешкі сән үлгісі» болып аяқталды.

Әдемінің әдемісін анықтау мақсатындағы қазылар алқасын төрайымы, университеттің тәрбие жұмысы және әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі проректоры Миrows Мұхтар Орынбасарұлы мен қатар университеттің кәсіподақ ұйымының басшысы Зарлықова Гүлнұр Мұхамбетжанқызы, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтебе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Серикова Раушан Серікқызы, журналист, тележүргізуші Қонысбек Терекұлы, «Қазақ аруы -2015» байқауының 2-дәрежелі аруы Әшім Әлия, «Дрим Билдрс» білім беру орталығының директоры Мақан Рүстем, «Университет аруы 2014» байқауының жеңімпазы Маратова Шынар, «Мисис Ақтебе-2016» жеңімпазы Муратова Мадина, ПроFotoСтудиясының фотографы Төлебаев Ислам және «Брошь» мекемесінің өкілі құрады.

Сайыс өз талабына сай жоғары деңгейде өтті. Бар өнерін ортаға салып, мың бұрала билеп, сан алуан сұрақтарға сүрінбей жауап беріп, көрерменнің көңілінен шығуға тырысты. Байқау мәресінде бас жүлдені Айгерім Оралбаева жеңіп, «Университет аруы – 2016» атанды. I VICE MISS-Алия Нариманова мен II VICE MISS-Диана Алибай атақтарына иеленді.

Динара КУЖАХМЕТОВА

ЖАС АҚЫНДАР АЙТЫСЫ



Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған шаралардың бірі Мәртеп ауданында өтті. Ел тарихын насихаттап, тәуелсіздігіміздің тұғырлығын ту етіп жүрген жас ақындар бас қосып, бәйгелі өнерде бірінен бірі оза шапты. Тоғыз ақын бас қосқан бұл айтыста университетіміздің филология факультетінің 2 курс студенті Қайырхан Жұбаниязов жүлделі үшінші орынды жеңіп алды.

Әбілқайыр ТІЛЕУЖАН,
филология факультетінің студенті

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат Министрлігі Ақпарат және Мұрағат комитеті Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы 2014 жылғы 12 ақпанда тіркеліп №14155-Г куәлігі берілген

Бас редактор Кужахметова Д.Т.
Газет тілшісі Арэн Ж.С.
Газет корреспонденті Бекбағанбетов О.
Газет маманы Жалғасбаева М.Ж.
Газет корректорлары Адилханова С., Трофимова Г.
Фотокорреспондент Арэн Ж.С.

Меншік иесі:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтебе өңірлік мемлекеттік университеті

Газет ЖШС «Хабар Сервис» баспаханасында (Ақтебе қаласы, Смағұлов кешесі, 9 «К» басылады.
Тел: 8(7132)545-545, 400-400.

Тапсырыс №45 Таралымы 3000

Біздің мекен-жайымыз: 030000, Ақтебе қаласы, Ә. Молдағұлова кешесі 34 үй. 2-қабат, 200^б белме. Келемі 2 баспа табақ. Газет айына 2 рет шығады.

Газет редакциясына келіп түскен қолжазбалар мен фотосуреттер қайтарылмайды.